



# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

«БВ01713 Ұйғыр тілі мен әдебиеті –орыс тілі мен әдебиеті»

## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Көпмәдениетті, коммуникативтік, педагогикалық саладағы міндеттерді шығармашылықпен және кәсіби түрде шеше алатын ұйғыр тілі мен әдебиеті және орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін дайындау: ұйғыр тілі мен әдебиетін және орыс тілі мен әдебиетін оқыту; қазақстандық патриотизм, ҚР халықтарының достығы және әр түрлі мәдениеттерді, салт-дәстүрлерді құрметтеу негізінде тәрбиелеу.

## КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ

- білім беру (педагогикалық);
- ғылыми-зерттеу;
- әдеби-шығармашылық;
- ұйымдастырушылық-басқарушылық;
- өндірістік-басқарушылық;
- әдеби кеңесшілік.

# ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

**ОН1** – ұйғыр тілі, әдебиеті және орыс тілі мен әдебиеті пәндерінен игерген білімдерін әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешуде қолданады, академиялық адалдық мәдениетін сақтайды;

**ОН2** – меңгерілген ақпаратқа сүйене отырып, тіл мен әдебиет бойынша білімді практикада қолданады, зерттеу қызметінде академиялық жазылым ұстанымдарын ескереді;

**ОН3** – оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту, шығармашылыққа ұмтылдыру, проблемаларды бірлесіп шешу дағдыларын қалыптастыру мақсатында ғылым жүйесіндегі ұйғыр тілі мен әдебиеті және орыс тілі мен әдебиетінің қазіргі жағдайын, орны мен құндылығын талдайды;

**ОН4** – ұйғыр тілі, әдебиеті және орыс тілі, әдебиетін оқытуда АКТ және сандық білім беру ресурстарын пайдалана алады және одан әрі оқуды өз бетінше жалғастырады;

**ОН5** – ұйғыр тілі, әдебиеті және орыс тілі, әдебиеті пәндерінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламаларындағы дағдыларды және оларды қалыптастыратын оған оқу мақсаттарының маңызын түсінеді;

**ОН6** – этномәдени және конфессиялық айырмашылықтарды, қоғамның әлеуметтік-мәдени құрылымының ерекшеліктерін, ұлттық тәрбиенің заңдары мен қағидаларын ескере отырып, көп мәдениетті ортада кәсіби қызметті ұйымдастыру тәсілдеріне ие;

**ОН7** – командалық қызметте, тұлғааралық қатынастарда, тиімді жұмыста коммуникативтік құзыреттілікті көрсетеді;

**ОН8** – оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттеріне, оқушылардың күтілетін нәтижелері мен физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес инновациялық технологияларды пайдаланады;

**ОН9** – ұйғыр тілін оқытудың интербелсенді әдіс-тәсілдерін, инновациялық технологияларын меңгереді, педагогикалық тәжірибеде орынды қолданады;

**ОН10** – тіл мен әдебиет салаларын оқытуда педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерді меңгереді, кәсіби өсу жолында өзінің білім траекториясын құрастырады;

**ОН11** – ұйғыр әдебиетінің тарихын, теориялық мәселелерін және даму бағыттары мен үрдістерін біледі және көркем шығарманы талдауда қолданады;

**ОН12** – орыс тілі және әдебиеті бойынша жүйеленген теориялық және практикалық білімдерін тілдік мәселелерді шешуде қолданады.